



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

Материалдары

*2018 жылдың 16-17 ақпаны*

**I том**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы

III Международной научно-теоретической конференции

*16-17 февраля 2018 года*

**Том I**

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,  
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,  
AND MORALITY**

Proceedings

of the III International Scientific-Theoretical Conference

*February 16-17, 2018*

**Volume I**

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ  
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ  
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
Материалдары**

*2018 жылдың 16 - 17 ақпаны*

**I том**

Астана, 2018

ӘОЖ 1/14  
КБЖ 87.0  
Ә 43

### **Редакциялық кеңес**

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,  
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,  
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

**Ә 43** Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары (2018 жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2018. –218 б.

**ISBN 978-9965-31-976-1**

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Звезда Содружества» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Древо жизни» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселесі», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ 1/14  
БЖ 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1  
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК  
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, ПРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической  
конференции**

*16-17 февраля 2018 года*

**Том I**

Астана, 2018

УДК 1/14  
ББК 87.0  
А 43

**Редакционный совет**

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,  
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,  
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

**А 43** Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. –218 с.  
Т.1

**ISBN 978-9965-31-976-1**

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovichа Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14  
ББК 87.0

ISBN 978-9965-31-976-1  
ISBN 978-9965-31-975-4

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY  
INSTITUTE OF PHILOSOPHY OF THE RAS  
INSTITUTE OF PHILOSOPHY, POLITICAL SCIENCE AND RELIGION  
OF THE CS MES RK  
KAZAKHSTAN BRANCH OF THE M.V. LOMONOSOV MSU

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY, DEVELOPMENT  
OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS, AND MORALITY**

**Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference**

*February 16-17, 2018*

**Volume I**

Astana, 2018

UDC1/14  
LBC 87,0  
A 43

### **Editorial Council**

E.B. Sydykov, D. Kamzabekuly, Farifolla Yesim,  
G.A. Adaeva, S.A. Arystambaeva, M.M. Bozzhigitova,  
K.A. Medeuova, D.T. Tolgambaeva

**A43** Actual problems of world philosophy, human development, his consciousness and morality: Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference (February 16-17, 2018, Astana, Kazakhstan) in 2 volumes. – Astana: L.N. Gumilyov ENU Publishing Office, 2018–218 p.

**ISBN 978-9965-31-976-1**

The collection contains Proceedings of the III International Scientific-Theoretical Conference "Actual Problems of World Philosophy, Development of Human, His Consciousness, and Morality", dedicated to the 85th anniversary of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, the Laureate of the Kazakh SSR State Prize in the field of science and technology, the Commonwealth Star Interstate Prize, the President's Peace and Spiritual Consent Prize, Russia's the Tree of Life Prize, and Shokan Ualikhanov's First Prize.

There were sections within the framework of the conference: "History of philosophy, actual problems of the theory of knowledge and methodology of science", "The problem of man and morality in the contemporary world", "Academician Zh. Abdildin and the development of the problems of dialectical logic, the theory of knowledge, man and morality".

It is addressed to all interested in the actual problems of contemporary philosophy and creativity of Zhabaykhan Mubarakovich Abdildin, Academician of the NAS RK

The published materials are presented in the author's edition.

UDC1/14  
LBC 87,0

ISBN 978-9965-31-976-1  
ISBN 978-9965-31-975-4

бекітіп берген конституциясы. Оған басқа ұлттың ортақтығы жоқ. Оның бір ұлтқа тәуелденіп, “ұлттық дәстүр” деп аталуы да сол бір ғана ұлтқа тәндігінде, жалғыздығында. Белгілі бір ұлттың адамзат өркениетінің ортақ өрісіне шығып, дамып жетілуі де, құлдырап төмен кетуі де осы ұлт дәстүрінің сақталуы мен бұзылуына байланысты. Дәстүр бұзылған жерде халықтың халықтығы бұзылады. Дәстүрі сақталған елдің іргесі берік, мәртебесі биік. Дәстүр әр ұлттың әр азаматының бойына анасының сүтімен, атасының тәрбиесімен, ортасының өнегесімен дарып, санасына жазылып қалса сол ұлттың негізі берік болмақ. Бұл ретте оны, яғни ұлттық дәстүр белгілі бір суға шайылса да, желге мүжілсе де небір дауыл соққысына шыдап, құламауын қамтамасыз ететін ол сол ұлттың өзі. Дәстүр жоғалғанда ұлтта, халықта жойылады. Өйткені, кез келген ұлттың замана дауылына төтеп беріп, өмірдің ауыр иріміне түсіп кетпей, халықтық бірлігін, ұлттық тұтастығын сақтап қалуы үшін де ұлттық дәстүр сондай қажет. Кез келген ұлтты құрту үшін ең бірінші оның дәстүрін жойса ол ұлттың жойлғаны. Сонда дәстүр ол кез келеген ұлтты ұлт етіп отырған сол ұлттық құндылығы. Елімізді бөлшектеп, мемлекетсіздендіруге, тұтастығымыздан айырып, ұлтсыздандыруға, дәстүрімізді жойып, ұрпақты рухсыздандыруға, тарихи жадымызды өшіріп, мәңгүрттендіруге жол бермеуіміз қажет, ол үшін біз ұлттық дәстүрімізді ұмытпай ұрпақтан ұрпаққа жеткізуіміз керек. Адам өзі өлседе артқы ұрпағына өлмейтін құндылықтарды қалдыру, сол құндылықты ұрпақтан ұрпаққа ізгі мұра ретінде сақталып, өмірінде айрықша орын алатын құндылықтарының бірі дәстүр. Философиялық тұрғыдан дәстүрдің басты ерекшелігі оның жойылмауы, ұрпақтан ұрпаққа өшпей жалғасуы. Дәстүр не себепті мәңгі және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып отырады, себебі әр ұлттық ұлтына тән басты құндылықтар және адам адамдық болмысын қалыптастыратын негізгі құндылықтар, ол осы дәстүрде. Дәстүрін жоғалтқан ұлт ол өзін жоғалтқан жұрт. Дәстүрін білмеген адам ол мәңгүрт. Ал мәңгүрттікке душар болған адам, адамдық болмысын жоғалтқан адам. Дәстүрді философиялық ұғым ретінде тануымыз, адамзат үшін өшпейтін, жойылмайтын, әр адамның санасына сәуле түсіретін және қоғамда белгілі көзқарас қалыптастыратын мұра ретінде тану.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ халқының салт дәстүрлері.-Алматы, 2010.-135 б.
2. Kazakh traditions and cusroms.-Almaty, 2010.-86, 161б.
3. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества.- Москва: Наука, 1977-28 б.
4. Аристотель.Сочинения в четырех томах.4т. – Москва: Мысль, 1984.-592, б.
5. Вебер М. Избранные произведения. – Москва: Прогресс,1990.- 544 б.

## ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ ТҮСІНІКТЕГІ СЕНІМНІҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

*Шойынбаева Ф.Ә.*

*Астана қ., S-Galia87@mail.ru*

«Сенім өмір тірегі. Сенімсіз өмір жоқ. Сенім өмір өзегі. Өзекті жан не Жаратушысына, не Адамға, не өзіне-өзі сенеді. Сенімсіздік адамды қауіпті жағдайға бастамақ, ол жамандықтың нышаны. Ешнәрсеге сенбейтін жан өзіне-өзі де сенбек емес. Сенімі жоқ адамның өмірде салмағы және орны жоқ. Ол тамыры тереңге кетпейтін қаңбақ сияқты, желдетіп жөңки бермек. Сенім тамырын тереңге салады» [1, 188б.] - деп академик Ғ.Есім айтып өткендей, сенім дегеніміз белгілі бір қоғамдағы уағыздалатын пікірлерге, нәрселерге берілу, олардың шындығын тексеру, я болмаса дәлелдеуді қажет етпеу. Алайда, бұл мақалада адамның адамға деген немесе өзіне деген сенімін емес, философияның негізгі мәселелерінің бірі болып саналатын дүниенің бастамасы жаратушыға немесе белгілі бір күшке деген сенімнің, яғни діни сенімнің қазақ қоғамындағы алатын орнын қарастырамыз.



Түркі дүниетанымы қазақ философиясының төл арнасы (генезисі) екені шындық. Оның бір айтарлық жері түркі дүниетанымындағы Көк Тәңірі түсінігі мен кейіннен келген исламдық сенімнің ортақ құндылықтарға ие болуы еді.

Сенім мәселесі көне түркілерде космогониялық түсініктермен астасып жатыр. Оны мына сөздерден бағымдауға болады: «Жоғарыда Көк тәңірі, төменде Қара жер жаралғанда екі арасында кісі оғлы жаралған екен». Олардың үстінен қарайтындар «Тәңіріден болған», яғни қағандық үстемдікке ие болатындар Бумын, Істемі, Білге қағандар еді.

Тәңіршілдік көзқарастың танымдық тірегі – тәңірінің жасампаздық құдіретіне деген халықтық сенім. Түркілердің танымдық қабілеті, жеңіске жетуі, табғачқа (қарақытайға) бағынғаны үшін жазалануы да тәңірінің мейіріміне немесе қаһарына ұшырағандықтың жемісі.

Әлемдік діндердің бастау тегіне Тәңірлік діннің өзекті қағидалары арқау болған. Тәңірлік дін уақыт пен кеңістікті игеруге талпынған, қоршаған ортамен тіл табысуға ұмтылған адам баласының алғашқы таным түсінігі еді. Тәңірлік дін көшпелілердің өмір сүруінің кепілі болып, өмір салтына айналды.

Түрік халықтарының мифологиясында ғарыштық құрылымы былай бейнеленеді: жеті қат Жер бар, онда Көктөбе тұр. Көктөбеде Көктерек өсіп тұр, ол Көк күмбезді тіреп тұр. Бұл бейне киіз үйдің құрылымына да ұқсас [2, 38б.].

Қазақтың әлем туралы түсінігінде әсерлі бейненің бірі – алып бәйтерек. Дүниежүзілік ағаш таңбасы өрлемелік қозғалысты, Жер мен Аспанның тығыз байланысын білдіреді. Осы биік бәйтерекпен эпос батырлары аспан денелеріне өрмелеп жете алатын болған. Әлемдік ағаштың тағы бір атқаратын қызметі оның жоғары және орта дүниені үшінші әлем – төменгі дүние мен байланыстыруында. Тірілер әлемі өткен кезбен, әруақтар аймағымен қатынасын үзбейді.

Қазақтың рухани мәдениетінде аспанды Тәңірі-құдай ретінде қадірлеу осы мәдениеттің маңызды бір қасиетіне жатады. Аспанды құдай деңгейіне көтеру, одан қорқу емес, бұл көне мифтер мен ежелгі діндердің дүниетанымдық ерекшелігі екені ғылымға белгілі.

Қазақтардың ата тегі түріктердің басты құдайы – Көк Тәңірі. Оның рахымы мен елді билеген қағандар «Аспанда туған және Күн мен Аймен безендірілген» деп аталған. Түрік жазуларында көшпенділердің барлық желістері Көк Тәңірімен байланыстырылған. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу түрік өркениетіне жататын барлық халықтардың дүниетанымының маңызды белгісі. Мысалы, «Оғызнаме» эпосында оғыз қаған өз балаларының атын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп қойғаны мәлім [3, 301б.].

«Табиғи күштерді пір тұтудан Тәңірлік дін көп құдайлық деген түсінік тумауы керек. Исламға деген қазақтарда нақтылы «құдай» ұғымы болған жоқ деген пікірі шындыққа онша жанаса қоймайды. Себебі Көк Тәңірін көшпенділер жалғыз жаратушы деп түсінген», кейін араб-парсы-түрік өркениетінің қалыптасуына байланысты Көк Тәңірі Алланың синониміне айналып кеткен. Ал генотиптік түсініктер исламмен қатар дамыған. Оның себебі генотеизмнің қазақтың дәстүрлі мәдениетінен (басқа туысқан мәдениеттерден) қолдау табуына қатысты. Тәңірлік діннің типтік маңызы алғашқы көшпелі империялардың мәдени тұтастануы үшін себепкер болуымен байланысты (бірінші синтез). Кейін әлемдік дәрежеге көтерілген суперөркениетте екінші тұтастануға ұйытқы болған дүниежүзілік дін – Ислам өмірге келді.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр бас кезеңінің өн бойында ағартушы-демократтар исламның феодалды-клерикалды идеологиясымен және әр түрлі діни-мистикалық бағыттармен арпалысты. Қоғамдық-саяси өмірдің маңызды бағыттары мен ілімдері жеткілікті болатын. Оларға XIX ғасырдың орта тұсында пайда болған дәстүрлі – консервативті шаманизм бағытын, XIX ғасыр аяғындағы діни-реформаторлық джадидизмді, Ресейдің мұсылман халықтарының арасында панисламизм мен пантюркизм ілімдерін жатқызуға болады.

Ең алдымен Ш.Уәлихановтың сыртқы дүниенің адам санасынан тыс өмір сүретіндігіне шек келтірмейтіндігін айта кету керек. Қазақ жерінде шамандықтың орын алу себебін түсіндіргенде «сыртқы дүние – күн, ай, жұлдыздар және жер – алғашқы құдірет болып табылады деп көрсетеді. Сонымен бірге шамандықтың шығу тегін мұқият зерттеуінен және басқа да еңбектерінен Шоқанның себептілік заңдылығын құптайтындығы, себепсіз құбылыс болмайтындығына кәміл сенетіндігі байқалады. Мысалы, «Тәңір (құдай)» атты мақаласында қазақтардың малды қасиет тұтатын ырымдарының себебін халықтың күн көрісі малға байланысты екендігімен түсіндіреді.

Шоқан діннің, әсіресе, қазақ даласында татар және Бұқара молдаларының таратып жүрген діни қағидаларының халыққа тигізіп жүрген зияндығын баса айтады. Қазақ жұртына бұл молдалардың айтып жүрген уағыздары «ой мен сезімнің дамуын тежейтін өлі схоластикадан басқа ештеңе әкелмейді»[4, 516.] деп көрсетеді.

Ғалам – мәңгі әрі шексіз жасайды, бастауы да соңы да жоқ. Сондықтан адам мен табиғатты құдай жаратқан деген діни тезистерді сенімсіз әрі ақылға сиымсыз нәрсе деп санады. «Қырғыздардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінде адамдарды жаратқан құдай емес, адамдардың өздері қиялында құдайды жаратты деген ой айқын айтылады.

Ш.Уәлиханұлы алғашқы қауымдық діннің, атап айтқанда қазақтар мен қырғыздарға шамандықтың пайда болу себептері туралы мәселеге ғылыми тұрғыдан келеді. Ол шаманизм алғашқы қауымдағы адамның «сәбилік» көрінісі ретінде пайда болды деп санайды. «Сәбилік» түсініктегі табиғаттың әсері өте күшті, әрі жігерлі және ол табиғат құпиясын алғанда оған не істеу керектігін және нені істемеу керектігін басшылыққа алатын қағидаларды жасауы тиіс. Біздің қазір шамандық ырым деп атап жүргеніміз сол салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың пайда болу себебі осында.

Алғашқы қауым адамдары үшін тек табиғат қана жұмбақ болған жоқ, сондай-ақ адамның өзі, оның организмнің ерекшеліктері онда болып жататын ойлау және психикалық процестер де құпия болды.

Шоқан Уәлиханұлы қазақтардың көшпелі тұрмыс жағдайындағы шаманизмнің ерекшеліктерін, оның қазақтардың космологиялық аңыз-түсініктерімен, олардың тұрмыс салт-дәстүрлерімен араласып кетуін зерттеді.

Шоқан мұсылмандық мәселесінде қазақтарды жылдам христианға айналдыра алмайтынына көзі жеткен патша әкімдері исламның өздеріне қажетті жақтарын нығайту мақсатымен далаға көптеген татар және Бұқар молдаларын жіберді. Шоқан осы саясатқа қарсы шығып, орыс-қазақ мектептерін көбірек ашуды талап етті. Бірақ бұдан Ш.Уәлиханов атеист болды және исламға қарсы күресті деген пікір болмауы керек. Шоқан бұрыннан қазақтар арасында кең таралған тәңірлік дін және шамандықтың (бақсылықтың) маңызын көре білді, исламға қарсы шығудан бас тартты; Ол «біз исламды қудалауды ұсынбаймыз, мұндай қадамдар қарама-қарсы нәтиже беруі мүмкін. Бірақ біз үкіметтің қандай да болсын білімге қарсы дінге қамқорлық жасамауын, және далада ұрып-соғумен қорқытуға негізделген теологиялық заңдарды күштеп енгізбеуін сұраймыз және талап етеміз [4, 536.]» - деп жазды. Яғни, Шоқан мұсылмандықтағы мәдени-тұтастық функцияларды көре білді.

Ыбырай Алтынсарин дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұл ойды ол көптеген шығармаларында қайталап отырады. Мысалы, «Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай! «Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым» деген өлең шумақтарында, «Мұсылманшылдықтың тұтқасы», т.б. еңбектерінде осы пікірді қуаттайды. «Мұсылманшылдықтың тұтқасында» бүкіл дүниені, жан-жануарларды атай келіп, «мұның бәрі де теңдесі жоқ, ұқсасы жоқ бір Құдайдың барлығына, бірлігіне һәм кәміл жаратушы халық – қадір екендігіне дәлел болуы керек» деп тұжырымдайды. Ойды қайырып айтқанда, Ыбырай қоршаған дүниенің объективтік өмір сүретіндігін мойындайды, сонымен бірге дүниені жаратушы құдай деп біледі. Бұдан Алтынсариннің дүниеге көзқарасы деизмге жақын екенін көреміз. Кейбір зерттеушілер Ыбырайды стихиялық материалист, дінге қарсы болған деп айтып жүр. Мәселені нақты қарасақ, Алтынсарин Шоқан сияқты татар және Бұқарадан келген молдалардың уағыздайтын діннің озбыр түріне қарсы болған

Н.И.Ильминскийге 1882 жылы 12 қыркүйекте жазған хатында татар және Бұқара молдаларынан оқыған жастар өз діні жағынан толық мешеу, оның есесіне мұсылман еместің бәріне өшпенділікпен қарайтын болып шығады деп көрсетеді. Мұндай дүние молдалардың барлық ақыл парасатты тек Мұхаммед дінінен тапқысы келетінін қатты сынайды.

Ыбырай табиғат құпияларын, оның табиғи дамуының заңдарын ғылыми тұрғыда ой елегінен өткізіп, тануға ұмтылды, табиғаттың қолдан жасалмайтыны мен мәңгілігі, оның адам санасы мен рухынан тәуелсіздігін мойындайды. Оның пікірінше, «табиғатта адам әлі шешпеген жұмбақтар өте көп. Кез-келген дін нақты осыны өз мақсатына пайдаланады. Танып білу мүмкіндігіне қарай табиғаттың ашылмаған құпиясы шексіз болады және адамзат осы құпияларды неғұрлым көбірек әрі тереңірек ашса, оның табиғаты өз ыркына көндірудегі мүмкіндігі де соғұрлым көп болады»[5, 86.].

Ы.Алтынсарин үшін «надандық» пен «дін» ұғымдары бір-бірінің баламасы болды. Дін мәселелеріне арналған шығармаларының бірін ол «надандық» деп атаған. Сондықтан Алтынсарин үшін надандықпен күрес, сондай-ақ дінмен, нақтырақ айтсақ исламмен күрес болды. Бұл шығармада ағартушы қарапайым әрі ұғынықты тілмен адам психикасының көптеген жұмбақ құбылыстарды, мәселен, ұзақ ұйқы дегеннің сырын оқырманға түсіндіреді.

Ислам ырымдарының, діни әдет-ғұрыптардың, догмалары мен табыну түрлерінің зияндылығын негіздеу үшін автор әрбір қазаққа таныс аңыздар мен жырларды мысалға келтіреді. Олардың жағымды кейіпкерлері адал шаруалар болса, ал жағымсыз кейіпкерлері дарынсыз топас молдалар, княздар мен шонжарлар болады.

Абай исламды қазақ халқына тұрақты жаңа өркениетті, жоғары имандылықты қалыптастыру құралы ретінде уағыздады. 28 сөзінде ол былай дейді: «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз деген екен... Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң діннің өзі неден болады?». Жоғары келтірілгеннен Абай діншіл, ескіні жақтаушы тәрзіді пікірлер тумауы тиісті. Оның мұраты – парасат және мәдениетке қолдаушы болатын ислам. Абайды ағартушы діни ғұлама деп бағалаған дұрыс. Алла жаратушы болғанымен, дүниенің тұтқасы, белдігі – адам. «Сопылық бағытпен жақсы таныс Абай Алла мен Адамды қосатын күш ретінде махаббатты ұсынады:

Дененің барша қуаты,  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты,  
Махаббат қалса Тәңірі үшін...  
Махаббатпен жаратқан адамзатты  
Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті» [6, 96б.].

Адамзат адам қауымы атанғаннан бері адамдар нендей істерге бармады, қырқысты, жұлысты, жауықты, қырылды, бір-біріне деген дұшпандық сезімдерін қоздырып, бірін-бірі көрсе қару ала жүгіретін болды. Адамдар тағы жыртқыш аңдардан емес, адамдардан қорқатын болды. Осындай халде қайдағы бауырмаластық. Абай мұндай тығырықтан шығудың жолын көрсеткен, ол хақ жолы - әділеттілік. Әділеттілікті хақ жолы деп сүйсең, онда сенің бауырмалдық философиясын түсінгендігің. Демек, мәселе әділеттілік философиясында, бірақ біз мына мәселесіне естен шығармауымыз керек, ол әділеттілік хақ жолы деп тұр. Хақ дегеніміз Жаратушы, Алла, Әділетті болу үшін Алла жолында болуымыз керек [7, 4б.].

Жалпы сенім - әлеуметтік өмірді, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, идеологияны реттеуші тұтқа болғандықтан, оған маңызды әлеуметтік институт ретінде қарау керек. Себебі, Қазақстан сияқты полиэтникалық елде, көп конфессиялардың қатар өмір сүруі жағдайында сенімнің саяси орнын ескерудің маңызы зор. Оның үстіне жылдан-жылға Қазақстандағы мұсылман діндегілердің үлес салмағы артып барады. Ал Қазақстандық мұсылмандар сунизмдегі неғұрлым төзімді, әр уақытта шүкіршілікке бас ұратын, әдет-ғұрып

нормаларымен санасатын бағытын ұстайды. Осы тұрғыдан қарағанда елдегі саяси әлеуметтік тұрақтылық пен ұлтаралық қарым-қатынастарды реттеуде діннің тигізер оң ықпалы зор. Діни идеология Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттік идеологиядан басым бола алмаса да діни құндылықтарға арқа сүйейтін саяси мәдениетті – қалыптастыруға қосар үлесі мол.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Есім Ғарифолла Саяси философия. – Алматы: Ел-шежіре. 2006ж.
2. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, 1994ж.
3. Сегизбаев О.А. Казахская философия (XV-начала XX века). – Алматы, 1996.
4. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов. /Собр. Соч. В пяти томах, т 4, - Алматы. 1985г.
5. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылық тұтқасы, Алматы. 1985ж.
6. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995. –
7. Есім Ғарифолла. Хакім Абай. – Алматы, 1994ж.

### О ПРИЛОЖЕНИИ НЕОГУМБОЛЬДТИАНСКОЙ ЭПИСТЕМОЛОГИИ К РЕШЕНИЮ НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМ СОВРЕМЕННОЙ КОГНИТИВНОЙ НАУКИ

*Калинин С. С.*

*г. Кемерово, Rage\_of\_gods@inbox.ru*

Неогумбольдтианская парадигма языковедения и философии языка обладает большой эпистемологической ценностью и значением применительно к современному когнитологическому направлению в лингвистике и, шире, к когнитивной науке вообще. К сожалению, данное лингвофилософское направление как таковое мало распространено в отечественной науке, хотя многие идеи, восходящие еще к В. фон Гумбольдту и его последователям (Й. Л. Вайсгерберу, в частности) в неявном виде используются в современной концептологии (одном из направлений когнитивной лингвистики), лингвокультурологии, теории и анализе дискурса и т.д. Кроме того, ряд понятий и определений, используемых в данных направлениях, также восходит к лингвофилософским идеям В. фон Гумбольдта и неогумбольдтианцев.

В качестве примера можно привести анализ понятия «картина мира» в современном отечественном языкознании. Различные исследователи выделяют различные типы картин мира (см., например, работу [5]), что хорошо согласуется с учением В. фон Гумбольдта об этноспецифичности и идиоэтничности картины мира языка каждого этноса [8, с. 28-29]. В качестве примера работы, выполненной в духе построений В. фон Гумбольдта о картине мира, можно привести работу Й. Л. Вайсгербера «О словесной картине мира немецкого языка» [10]. Подобно немецкому лингвисту, в современной лингвокультурологии выделяются картины мира, специфичные для каждого этноса, каждой народности и нации. Большое значение неогумбольдтианских идей о картине мира в этом отношении состоит в том, что нет какой-то принципиально более «совершенной» картины мира, картина мира каждого этноса уникальна, присуща только ему, неповторима. В этом отношении мы от проблематики языковой и культурологической (анализ отражения культуры этноса в его языке и, соответственно, в его картине мира) переходим к проблематике лингвоэкологической, т.к. языковая картина мира каждого этноса представляет собой уникальный феномен, лежащий в двух плоскостях – языка и культуры (Kulturgut по Й. Л. Вайсгерберу [2, с. 77]), который необходимо сохранять, дабы не нарушить экологическое равновесие и экологический баланс в данной языковой среде.

Другая проблема, к которой возможно приложить неогумбольдтианскую методологию исследования, – это лингвистические аспекты создания искусственного интеллекта (ИИ). Проблема лингвистического обеспечения ИИ является крайне важной для теории ИИ, поскольку именно через язык осуществляется значительная часть познания мира человеком (в частности, процессы категоризации и концептуализации действительности).